

Сәтімбеков Р., Мұсабеков К.С.,
Рахимова З.

**Биологиялық ұлттық ұғымдар
мен түйінді тұжырымдардың
әрі танымдық,
әрі тәрбиелік мәні**

Мақалада қазақ халқының сан ғасырлар бойы қалыптасқан жабайы жануарларға тікелей қатысы бар дүниетанымдық биологиялық ұлттық ұғымдарына, түйінді тұжырымдарына және қорытынды ой-пікірлеріне талдау жасалынған. Мысалы, «Бекіре ойнақ», «Тасбақа дауылы», «Құс қанаты», «Қыдыр қамшысы», «Қызыл жұмыртқа», «Итбалықтың кіндік кесері», «Бөрі сырғақ», «Доңыздың толғағы», «Қоянның толғатуы», «Құралайдың салқыны», «Бұғының мойын жуары», «Текебұрқылдақ» (текебұрқыл), «Киіктің матауы», «Киіктің матауы» деген ұлттық ұғымдар мен түйінді тұжырымдардың тікелей табиғат құбылыстарымен тығыз байланысты екендігі айқын байқалады. «Түз тағысы табиғатпен тілдес» деген мәтел осы айтылған ұлттық ұғымдар мен түйінді тұжырымдардың дұрыс екендігіне нақты мысал бола алады. Сонымен қатар, жабайы жануарларға қатысы бар сөз тіркестерінде, теңеу сөздерде, мақал-мәтелдерде және аңыз-әңгімелерде олардың биологиялық және экологиялық ерекшеліктерін нақтылай түсетін деректер де көптеп кездеседі.

Түйін сөздер: ұлттық ұғымдар, түйінді тұжырымдар, қорытынды пікірлер, сөз тіркестері, теңеу сөздер, мақал-мәтелдер, аңыз-әңгімелер.

Satimbekov R., Mussabekov K.S.,
Rahimova Z.

**Biological national concepts
knot and cognitive, and mentor
importance of conclusions**

Article discussion of the final opinion and basic formulation for a century in the Kazakh people to form a national, biological, philosophical concepts directly associated with wild animals. For Example, «Bekire oynaq», «Tasbaqa dauyly», «Qus qanaty», «Qydyr qamshysy», «Kyzyl zhumyrtqa», «Itbalayqtyn kindik keseri», «Bori syrgaq», «Donyzdyn tolgagy», «Qoyannyn tolgatu», «Quralaydin salqyny» «Bugynyn moin jouarry», «Tekeburqylda» (tekeburqyl), «Kiiktin matauy», obviously notable national and basic concepts for direct closely related to natural phenomena. Saying «Tyz tagysy tabigatpen tildes» above said these national concepts and basic formulation may be a fine example.

In addition, a combination of words having to do with wild animals, comparative word in Proverbs and Sayings and legends of their biological and ecological characteristics of specifying data are common.

Key words: national concepts, general conclusions, final opinions, phrases, comparative words, proverbs, legends and stories.

Сәтімбеков Р., Мұсабеков К.С.,
Рахимова З.

**Биологические национальные
понятия, обобщающие
выводы и их познавательное
и воспитательное значение**

В статье обсуждаются заключительные мнения и основные формулировки в казахском народе национальные, биологические, мировоззренческие понятия, напрямую связанные с дикими животными. Например, «Бекіре ойнақ», «Тасбақа дауылы», «Құс қанаты», «Қыдыр қамшысы», «Қызыл жұмыртқа», «Итбалықтың кіндік кесері», «Бөрі сырғақ», «Доңыздың толғағы», «Қоянның толғатуы», «Құралайдың салқыны», «Бұғының мойын жуары», «Текебұрқылдақ» (текебұрқыл), «Киіктің матауы», «Киіктің матауы», очевидно, заметные национальные и основные понятия, напрямую тесно связанные с природными явлениями. Пословица «Түз тағысы табиғатпен тілдес» может являться точным примером. Наряду с этим, сочетания слов, имеющих отношение к диким животным, сопоставительные слова в пословицах и поговорках и в легендах, их биологические и экологические особенности, конкретизирующие данные встречаются часто.

Ключевые слова: национальные понятия, обобщающие выводы, заключительные мнения, словосочетания, сравнительные слова, пословицы и поговорки, легенды и рассказы.

**БИОЛОГИЯЛЫҚ
ҰЛТТЫҚ ҰҒЫМДАР
МЕН ТҮЙІНДІ
ТҰЖЫРЫМДАРДЫҢ
ӘРІ ТАНЫМДЫҚ,
ӘРІ ТӘРБИЕЛІК МӘНІ**

Қазақ халқының ежелден қалыптасқан тұрмыс-тіршілігі тікелей табиғатпен үйлесімді түрде жүргізіліп отырылғандығы тарихи деректерден белгілі. Халқымыздың табиғат құбылыстары және табиғат байлықтары туралы ұлттық ұғымдары, түйінді тұжырымдары және орынды айтылған қорытынды ой-пікірлері тілімізде көптеп сақталған. Ондай ұлттық ұғымдар мен түйінді тұжырымдардың көпшілігі кейінгі кезде ұмытыла бастады.

Қазіргі кездегі жазылып жүрген жаңа буын оқулықтарындағы тақырыптардың мазмұнына сәйкес ұлттық дүниетанымдық ұғымдар мен түйінді тұжырымдардың берілуін орынды деп есептейміз.

Еліміздегі мектептерге арналған биология пәндерінің төл және жаңа буын оқулықтарын жазуға қатысушы авторлардың бірі ретінде бұл оқулықтарда ұлттық дүниетанымдық ұғымдардың әрі танымдық, әрі тәрбиелік мәніне ерекше көңіл бөлінгендігін атап айтқымыз келеді. Өйткені, оқушы өз өлкесінде және өздеріне етене таныс жабайы өсімдіктер мен жануарлар жайлы сан ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық дүниетанымдық орынды айтылған ой-пікірлерін, ұлттық ұғымдар мен түйінді тұжырымдарды білуі арқылы өзінің туып өскен атамекеніне, табиғатының жеке байлықтарына деген сүйіспеншілігі артып, табиғат алдындағы жауапкершілігін сезінеді әрі экологиялық мәдениетінің қалыптасуына тікелей әсер етеді.

Халқымыздың тарихи тұрмыс-тіршілігінің білгірі – Мұхтар Әуезов 1918 жылы жазылған шағын мақаласында: «Адамға қорек беретін – табиғат адамның тұрмысын, кәсібін, жан-сипаттарын һәм түрлі түрге салатын табиғаттың шарттары; һәр халықтың мінезі, қылығы, салты, пейілі, талабы, жігері өз маңайындағы табиғат әсерінен пайда болады» деген даналық сөзі туған жеріміздің табиғатының тұла бойымыздағы адамгершілік қасиеттеріміздің қалыптасуына тікелей әсер ететіндігін нақты байқатып тұр.

Қазақ халқының табиғат туындылары туралы айтылған ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттық ұғымдарына, ұлттық ой-пікірлеріне және ұлттық түйінді тұжырымдарына басқа халықтың, әсіресе орыс ғалымдарының таңданыс білдіруін ерекше атап өткен жөн. Мысалы, орыстың атақты зоолог ғалымы А.Н.Формозов 1947-1948 жылдары Қазақстанның көптеген аумақ-

тарына арнайы жасаған экспедициясы кезінде қазақ халқының табиғат жайлы орынды жазылған еңбегінен үзіндіні орыс тілінде беруді орынды деп санаймыз ой-қорытындыларын ерекше атап көрсеткендігін: «...Зоркие глаза казахов всегда следили за жизнью природы; их народная мудрость накопила многих интересных обобщений и выводов. Используя вековой опыт казахов-животноводов, ботанические экспедиции последнего двадцатилетия выявили ряд интересных и важных фактов в отношении кормового значения многих диких растений... Среди них (казахов Р.С.) встречаются исключительно талантливые натуралисты, обладающие неопытными знаниями, приобретенными с детства при жизни на лоне степной природы» [1].

Бастауыш сыныптарда оқылатын «Дүниетану», «Ана тілі» т.б. оқулықтарда оқушылардың тілін дамыту, тілдік қорын молайту мақсатында олардың өздеріне етене таныс өсімдіктер мен жануарлар жайлы ана тілімізде айтылатын ұлттық ұғымдар мен түйінді тұжырымдарға көбірек көңіл бөлініп, олардың қалай аталатындығына және тіршілік әрекеттеріне байланысты ана тіліміздегі сөз тіркестеріне, ұлттық ұғымдарға кеңінен тоқталу қажет. Мысалы, халқымыздың тұрмыс-тіршілігінде жиі қолданылатын шипалық қасиеті бар өсімдіктерден – жусан, жалбыз, адыраспан, тобылғы, арша, қарағай т.б., ал жануарлардан – бекіре балығы, тасбақа, аққу, үкі, ұлар, бүркіт, қарлығаш, дегелек, дуадақ, ақбөкен (киік), құлан, керқұлан, құндыз, қасқыр, аю, бұғы, арқар, ілбіс (барыс), итбалық т.б. туралы ұлттық ұғымдар мен түйінді тұжырымдар кеңінен қамтылуы ескерілуі қажет. Мұндай ұлттық ұғымдар мен түйінді тұжырымдар оқушылардың өз ана тіліне деген шынайы сүйіспеншілігін арттырып, тілдік қорының молаюына және биология ғылымына қызығушылығына тікелей әсер етеді деп атап айтуға болады. Мысалы, «балық сұлтаны – бекіре» деген сөз тіркесі бекіре балығының дене тұрқының ірілігіне, дәмді еті мен бағалы уылдырығына байланысты айтылғандығын аңғартады. «Бекіренің басы тасқа тимей қайтпайды» деген ұғым бекіре балықтарының теңізден өзенге көтеріліп, өрістеуіне байланысты айтылғандығын байқауға болады. «Дегелек келді жаз болды, бала-шаға маз болды» деген мәтелден оқушылар дегелектің жыл құсы екендігін білсе, ал «жыланның жауы – дегелек, жылқының жауы – бөгелек» деген мәтелден дегелек құсының жыланмен қоректенетіндігін айғақтай түседі. «Бүркіт – жеті қазынанан бір» деген сөз тіркесінің мәні зор. Өйткені, сан

ғасырлар бойы үзілмей келе жатқан халқымыздың саятшылық (құсбегілік) өнері осы бүркіт құсымен тікелей байланысты. Тағы бір ерекше атап айтатын нәрсе ана тілімізде бүркітке байланысты 1500-ден астам сөздер мен сөз тіркестері сақталған. Мұның өзі тіліміздің өте бай екендігін аңғартады. Бүркіттің аналығы – «ұябасар», аталығы – «шәулі», ал балапаны – «ақүрпек» деп аталып, әрбір атау солардың өзіне тән ерекшеліктерін нақты аңғартады.

Қазақ халқы өзінің қажетіне жарайтын пайдалы әрі дәрілік өсімдіктер мен жабайы жануарлар тіршілігінде болатын түрлі өзгерістерді жіті бақылап, олар туралы өте орынды қорытынды ұғымдар мен тұжырымдар жасап отырғандығын дәрілік өсімдіктерді зерттеуші орыс ғалымы П.С. Массажетов Қазақстан жерін шығысынан оңтүстігіне қарай арнайы жасаған ғылыми экспедициясы туралы жазған еңбегінде: «Қазақтар өсімдік атаулыны қатты бағалайды, оған өте мән бере қарайды» деп ерекше таңданыс білдірген [2].

Табиғат туралы ұлттық дүниетанымдық құндылықтарды ғұлама ғалым бабаларымыз Махмұт Қашқаридің, Өтейбойдақ Тілеуқабылұлының, Жағда Бабалықұлының, Сапарғали Бегалиннің, Бауыржан Момышұлының, Мұзафар Әлімбаевтың, Жәрдем Кейкіннің, Балғабек Қыдырбекұлының, Ақселеу Сейдімбековтің, Сейіт Кенжеахметұлының, Аюбай Құралұлының, Бибіқұмар Кәмәлашұлының т.б. еңбектерінен кездестіруге болады [3].

Жабайы жануарлардың аталықтары, аналықтары және олардың ұрпақтарының ана тілімізде төл атауларының болуы да халқымыздың табиғат жайлы құнды түсініктері болғандығына және ана тіліміздің сөздік қорының мол екендігіне нақты дәлел бола алады.

Еліміздің биік таулы алқаптарында кездесетін жыртқыш аңның бірі – ілбіс немесе барыс деп аталады. Оны баспа беттерінде көбіне көшірме аудара түрінде «қар барысы» деп жазу жиі кездеседі. Бұл мүлде дұрыс емес, оның қазақша төл атауы – «ілбіс» немесе «барыс». Өйткені, ана тілімізде тікелей ілбіске қатысты сөз тіркестері мен ұлттық ұғымдар көптеп кездеседі. Мысалы, ілбістің аталығы – «барыс», аналығы – «таутан», ал күшігі – «алан» екендігін көпшілік біле бермейді. Мысалы, «Таутанын тастап, барыс ат, жаға болар ішікке», «Алма апаннан аланды, таутан ұрлар баланды», «Таутанның алсаң аланын, кесіріне жолығарсың балаңның» деген мәтелдер мен сөз тіркестері ілбістің өзіне тән тіршілік әрекеттерін нақты айғақтап тұр [4].

Ана тілімізде жабайы жануарлардың атаулары және олардың тіршілік әрекеттеріне тікелей қатысы бар мақал-мәтелдер де кездеседі. Мысалы, «Борсықты ұрсаң тұмсықтан, тек өледі шымшықтан», «Сөгеден соқпа етіңді, лағы қалар жетімді», «Бөлтірігін алма шуланның, шұрқан салар қораңа», «Бүлдіршінді бура бұзар, пәйкелді бұғы бұзар» және т.б.

Халқымыздың жылдың әрбір маусымына сәйкес атауларының өзінде де сол жыл маусымының өзіне тән терең дүниетанымдық ұғымдар қалыптастыра білген. Мысалы: «Көктемде – көктейді», «жазда – жазылады», «күзде – күзеледі», ал «қыста – қысылады» деген сөз тіркестерінде терең ұғымдар бар. Сонымен қатар, «көктем ту-

ды», «жаз шықты», «күз келді» және «қыс түсті» деген сөз тіркестері әрбір маусымның өзіне тән ерекшеліктерін айқын аңғартады [5].

Қазақтың ақиық ақындарының бірі Мағжан Жұмабаевтың «Жазғытұры» деген өлеңінде ана тілімізде «көктем туды» деп айтылатындығы туралы нақты атап көрсетілген [6]:

Су ақты, жетті апрель қырдан – ойға,
Секіріп арық-тұрақ кетті тойға.
Жас бала: «Жазғытұры туды» – десіп
Жабағы, көтерем тай, ақсақ қой да...

Қазақ тілінің жанашыры әрі көрнекті журналист Жәрдем Кейкін «Қараторғайдың көрінгені – көктем туғаны» – деп, орынды жазған [7].

1-кесте – Жабайы жануарларға қатысты қалыптасқан ұлттық ұғымдар:

Р/с	Ұлттық ұғымдардың атаулары	Болатын мезгілі	Байқалатын ерекшеліктері
1	«Итбалықтың кіндік кесері» (итбалықтың кіндік қатары)	Ақпан айының орта тұсы	Каспий итбалығының аналықтары мұз үстіне шығып күшіктейді. Қатты суық, әрі аязды, әрі боранды күндер басталады.
2	«Бөрі сырғақ»	15-17 ақпан	Жаңбыр жауып, арты сырғақты (ұсақ түйіршікті) қарға айналды. Қасқырлар жұп құрып, ұйығады.
3	«Доңыздың толғағы»	3-8 наурыз	Бұл күндері доңыз ұрпақ береді. Ауа райы күрт өзгереді.
4	«Қоянның толғауы»	24-28 наурыз	Қатты жел тұрып, күн суытады, кейде қар жауады.
5	«Құс қанаты»	26-28 наурыз	Бұл кезде күн ызғарланып суытады, жапалақтап қар жауады, елімізге жыл құстары келе бастайды.
6	«Тасбақа дауыл»	Көкек айының алғашқы онкүндігі	Бірнеше күн қатарынан шанды, боранды қатты жел соғады. Тасбақалар қысқы ұйқысынан оянып, інінен сыртқа шығады.
7	«Қыдыр қамшысы»	18-19 көкек	Жыл құстары жұмыртқа басуға кіріседі. Күн суытып, жаңбыр жауады.
8	«Қызыл жұмыртқа»	8-9 мамыр	Жұмыртқа шайқаған құстар балапан өрбітеді. Бұл жұмыртқалардан қызыл шақа балапандардың шыққандығын аңғартады. Бұл мезгілде ауа райы күрт суытады.
9	«Құралайдың салқыны»	17-24 мамыр	Ақбөкендер жаппай лактайды. Бұл кезде ауа райы салқындап, ызғырық жел тұрады, жаңбыр жауып, артынша күн суытады.
10	«Бекіре ойнақ»	Күз мезгілінде	Талтүс кезінде бекіре балықтары өзеннің құмды жағалауына топ-тобымен жиналады да, бастарын су түбіндегі құмға тығып, үйезденген жылқыша ағынға қарсы бірінің соңынан бірі тізіліп ұзақ қозғалмай тұрады.
11	«Бұғының мойын жуары»	Қараша айының алғашқы 10 күндігі	Қатты жаңбыр жауып, шағылысқа түскен бұғылар бойындағы жағымсыз иістерден тазарады.
12	«Текебұрқылдақ» (текебұрқыл)	Қараша айының соңы-желтоқсан айының басы	Таутекелер тауешкілермен және құлжалар арқарлармен үйірге түсіп шағылысады.
13	«Киіктің матауы»	15-20 желтоқсан	Ақбөкендер мен қарақұйрықтардың текелері үйірге түсіп, бір-бірімен қосақталады. Ауа райы күрт өзгереді.
14	«Киіктің мойын жуары»	15-20 желтоқсан	Нөсерлеп жаңбыр жауады, сасай болған ақбөкеннің текелері жаңбыр суымен сасық иістерінен тазарады. Егер де бұл мезгілде жауын-шашын жаумай қалса, текелердің көзі ағарып, өліп кетуі де мүмкін.

Ұлттық ұғым, ұлттық рух, ұлттық намыс, ұлттық идея және ұлттық сана деген ұғымдар бір-бірімен өзектес және бірін-бірі толықтырып тұратын тұжырымды түйіндер деп қортынды жасауға болады. Ұлттық ұғымдар сан ғасырлар бойы халқымыздың өзін қоршаған табиғи орта және табиғаттың жеке туындылары (өсімдіктері мен жануарлары) туралы ұлттық дүниетанымының түп қазығы болып саналады. Ұлттық ұғымдар халқымыздың байқампаздығын, қоршаған табиғи орта жайлы орынды қорытындылар жасай білгендігіне нақты дәлел бола алатын ұлттық рухани құнды мұралар деп айрықша атап айтуға болады.

Қорыта айтқанда, халқымыздың өнері мен мәдениетінің дамуына зор үлес қосқан қоғам және мемлекет қайраткері Темірбек Жүргеновтің: «Тіл адамның дүниетанымы дәрежесін көрсетіп қоймай, оның адам болып қалыптасуында да үлкен рөл атқарады... Дүниежүзілік мәдениетке ана тілі арқылы ғана барамыз» – деп, ескерту жасауын еш уақытта ұмытпауға тиіспіз.

Ұлттық ұғым – ұлтымыздың ұраны,
Қастерлейік осы асыл мұраны.
Ұлтымыздың құнды ұлттық ұғымын,
Біліп өссін әрбір ұрпақ – ұланы
(Рысбай Сәтімбеков)

Әдебиеттер

- 1 Формозов А.Н. Животный мир Казахстана. – М.: Наука, 1987. – 150 с.
- 2 Масагетов П.С. Өсімдік әлеміне саяхат. – Алматы: Қайнар, 1988. – 248б.
- 3 Сәтімбеков Р.С., Ануарова Л., Медеуова Г. Экология және Қазақстандағы ерекше қорғалатын табиғи аумақтар. – Алматы: Полиграфия и сервис и К, 2013. – 200 б.
- 4 Балғабек Қыдырбекұлы. Түгел сөздің түбі бір. (Оқу құралы). Алматы: Қазақ университеті, 1993. – 176 б.
- 5 Кенжеахметұлы С. Ұлттық әдет – ғұрыптың беймәлім 220 түрі. Көмекші оқу құралы. – Алматы: Санат, 1998. – 256 б.
- 6 Өлең өлкесі. Қазақ табиғат лирикасының антологиясы. (Құраст. Ж.Әскербекқызы). – Алматы: Жазушы, 2009. – 52-б.
- 7 Жәрдем Кейкін. Қазақы атаулар мен байламдар.- Алматы: Өлке» баспасы, 2000. – 256 б.

References

- 1 A.N. Formozov . Zhivotny mir Kazakhstan. – M.: «Nauka» 1987.-150 b.
- 2 Massagets P.S. Өsimdik әлеміне sayaxhat. – Almaty: «Қайнар»1988.-248b.
- 3 Satimbekov R.S, Anuarova L., Medeuova G. Ecology zhane Kazakstandagy erekshe qorghalaty n tabigi aumaktar. «Poligrafiya servis K» – Almaty:, 2013. – 200 b.
- 4 Balgabek Qydyrbekuly. Tygel sozdіn tybi bir. (Oku kyraly). Almaty: «Kazakh University», 1993. – 176 b.
- 5 Kenzheahmetuly S. Ultyk adet-gyryptyn beymalim 220 tyri. Komekshi oku қyraly. – Almaty: «Sanat», 1998. – 256 b.
- 6 Olen olkesi. Kazakh Tabigat lirikasynynin antologiyasy. (Kyrast. Zh.Askerbekkyzy). – Almaty: «Zhazushy», 2009. – 52 b.
- 7 Zhardem Keykin. Kazaky атаулар мен baylamdar. – Almaty: «Olke» baspasy, 2000. – 256 b.